

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы
халықаралық автомобиль тасымалы туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 қазандағы N 1400

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 23 мамырда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалы туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімін белгіленген тәртіппен Польша тарапына хабарласын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы
халықаралық автомобиль тасымалы туралы
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі, бұдан әрі "Келісуші Жақтар" деп аталады,
екі ал арасында, сондай-ақ олардың аумағы бойынша транзитпен,
жолаушылар мен жүктің автомобиль тасымалдарын дамытуға ынталана
отырып, төмендегілер туралы келісті:

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1-бап.

1. Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасының арасында, олардың аумағы бойынша транзитпен, сондай-ақ үшінші елдерге және кері қарай Келісуші Жак елдерінің бірінде тіркелген автокөлік құралдарымен орындалатын халықаралық жолаушылар мен жүк тасымалдарына қ о л д а н ы л а д ы .

2. Келісуші Жақтардың бірінің еліндегі тасымалдаушыға екінші Келісуші Жақтың аумағында орналасқан екі пункт арасында жолаушылар немесе жүк тасымалдарын о р ы н д а у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Егер екінші Келісуші Жақтың құзырлы органынан арнайы рұқсат алынған жағдайда , аталмыш тасымалдарды орындауға рұқсат етіледі.

3. Осы Келісім Келісуші Жақтардың басқалай бекіткен халықаралық келісімдері мен шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

2 - б а п .

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "тасымалдаушы" анықтауы бір Келісуші Жак елінің аумағында өмір сүретін немесе тұрғылықты тұратын және осы елдің пәрменді заңдарына сай халықаралық автокөлік тасымалын орындайтын жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

2. "автокөлік құралының" анықтауы:

а) адамдар мен жүктердің автомобиль тасымалын орындау үшін немесе осындай тасымалдарды орындауға арналған көлік құралын тарту үшін құрастырылған немесе жабдықталған механикалық жүргізуші бар автокөлік құралын білдіреді;

б) (а) тармағында көрсетілген шарттарды орындайтын көлік құралынан тұратын, сондай-ақ тіркемесі немесе жартылай тіркемесі бар автопойызды білдіреді;

в) құрамында, оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жүк болып есептелмейтін арнайы тұрақты бекітілген жабдығымен бірге механикалық жүргізуші бар автокөлік құралын білдіреді.

3. "Автобус" анықтауы өзінің құрылысы бойынша 9 адамнан (жүргізушіні қоса) тасымалдауға арналған автокөлік құралын білдіреді. Бұл анықтау қайта жабдықталған, соның нәтижесінде орын саны қысқарған автокөлік құралына да қатысты.

4. "Жолаушыларды" жүйелі тасымалдарын алдын ала анықталған және жарияланған қозғалыс кестелері мен тарифтер және белгіленген маршрутқа сай бағыт алатын автобустармен жолаушылардың тасымалын білдіреді.

5. "Жолаушылардың маятникті тасымалдары" анықтауы жөнелту пунктінен бағытталған пунктке дейін ұйымдастырылған жолаушылар тобын бірнеше рет тасымалдауды білдіреді. Жүріп кету немесе бағытталу жері, сондай-ақ соның аймағын

жөнелту немесе бағыт алу пункті деп түсіну қажет. Осындай тасымал кезінде жол бойында бірде-бір жолаушы қосымша отырғызылмайды немесе түсірілмейді. "Кері қарай" бағытпен бірінші және "солай қарай" бағытпен соңғы жол жүру автобустың бос к ү й і н д е ж а с а л а д ы .

6. "Жүйеленбеген тасымалдар" анықтауы 4 және 5 тармақтарда ескертілгендерден басқа т а с ы м а л д а р д ы б і л д і р е д і .

Ж О Л А У Ш ы Л А Р Т А С ы М А Л ы

3 - б а п .

1. 4-бапта қарастырылған тасымалдарды қоспағанда, жолаушылардың жүйеленген, маятникті және жүйеленбеген тасымалдарын автобустармен жүзеге асыру үшін Келісуші Жақтардың құзырлы органдарымен берілетін рұқсаттар талап етіледі.

2. Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының келісімі бойынша, олардың елдерінің аумағынан өтетін жол учаскесінде ғана жолаушылардың жүйелі тасымалдарын орындауға рұқсат беріледі.

4 - б а п .

1. Екі мемлекет арасында немесе олардың аумағы бойынша транзитпен автобус арқылы жолаушылардың жүйеленбеген тасымалдарын орындауға рұқсат мына жағдайларда талап етілмейді, яғни бүкіл жол бойы жолаушылардың бір тобы сол бір автобуспен жол жүрген жағдайда, әрі:

а) жол жүру автобус тіркелген Келісуші Жақ елінің аумағында басталған және аяқталған жағдайда;

б) автобус тіркелген Келісуші Жақ елінің аумағында жол жүру басталған және екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында аяқталып, автобус осы аумақтан бос кеткен жағдайда.

2. Сонымен қатар, мыналарға рұқсат талап етілмейді:

а) Екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында орналасқан пункттен, алдын ала сонда жеткізілген жолаушылар тобын (1 тармақтың "б" тармақшасында көрсетілген жағдайда), сол тасымалдаушымен кері қарай мақсатта алғашқы жөнелту пунктіне бос автобустың кіруі үшін

рұқсат талап етілмейді;

б) бұзылған автобусты басқамен алмастырғанда.

3. 1 тармақта және 2 тармақтың "а" тармақшасында қарастырылған тасымалдарды орындау кезінде автобус жүргізушісінде Атқару хаттамасында анықталған үлгідегі жолаушылар тізімі жазылған құжат болуы тиіс.

ЖҮК ТАСЫМАЛДАРЫ

5-бап.

1. Екі Келісуші Жақ елдерінің арасында, олардың аумағы арқылы транзитпен жүк тасымалдау, сондай-ақ үшінші елдерге жүк тасымалдау рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Әрбір рейске және әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат беріледі. Рұқсат солай және кері қарай бір рейс жасауға ғана құқық береді, Жүксіз жүретін автокөлік құралының жол жүруі үшін де рұқсат талап етіледі.

3. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары жыл сайын бір-біріне өзара келісілген рұқсаттардың санын тапсырады.

4. Рұқсаттардың пәрменді мерзімі - бір күнтізбелік жыл.

6-бап.

1. Мына тасымалдар үшін рұқсаттар талап етілмейді:

а) көші-қон кезінде қозғалмалы мүлікті;

б) материалдар мен заттар, соның ішінде жәрмеңкелерге, көрмелерге және коммерциялық емес сипаттағы шараларға арналған мәдени шығармаларды;

в) көлік құралдарын, хайуандарды, спорт инвентарьлары мен спорт шараларын жүргізуге арналған мүліктерді;

г) театр әшекейлері мен реквизиттерін, ән-күй аспаптарын, кино түсіру, радио және теледидар хабарларын түсіруге және цирк көріністеріне арналған жабдықтар мен құралдарды;

д) қаза болғандардың денесі мен мәйітін;

е) табиғи опат, апат және күйреу кезінде көмек көрсету;

ж) жүк көтерімділігі 3,5 т және жалпы салмағы 6 т дейін орындалатын

автомобильдермен .

2. Бұзылған көлік құралына техникалық көмек көрсету мақсатымен жіберілген автомобильдердің жол жүруі үшін рұқсаттар талап етілмейді.

7 - б а п .

1. Жүкпен немесе жүксіз бағыт алған автокөлік құралының ауқымы немесе салмағы , оське түсіру күші екінші Келісуші Жақтың аумағында белгіленген нормадан асқан жағдайда, тасымалдауды орындау үшін осы Келісуші Жақтың құзырлы органдарының арнайы рұқсаты талап етіледі .

2. Осы баптың 1 тармағында ескертілген арнайы рұқсат автокөлік құралының белгіленген маршрут бойынша жол жүруін шектеуі немесе басқа міндеттер немесе шектеулерге мүмкіндік береді.

3. Әрбір Келісуші Жақ өз аумағы бойынша екінші Келісуші Жақ елінің тасымалдаушыларымен қауіпті материалдары, жүктер мен қалдықтарды тасымалдауға арнайы рұқсат беру құқығына ие болады.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8-бап.

3, 5, 7-баптарда айтылған рұқсат беру, сондай-ақ оларды пайдалану әдісі мен шарты Атқару Хаттамасымен анықталады.

9-бап.

Әрбір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағындағы пәрменді ішкі заңдарға сай осы Келісімде ескертілген жолаушылар мен жүк тасымалдарына салықтар мен алымдар салынды .

1 0 - б а п .

1. Жабдықтар, сондай-ақ автокөлік құралын пайдалануға қажетті қорлар, соның ішінде механикалық жүргізгіші бар көлік құралында жасаушы-зауытпен белгіленген отын багіндегі отын мөлшері, май және жағармай материалдары Келісуші Жақтардың әрқайсысының ішкі заңдарына сай кедендік баждар мен салықтардан, алымдардан

б о с а т ы л а д ы .

2. Екінші Келісуші Жақ елінің аумағына бұзылған немесе апатқа ұшыраған автокөлік құралын жөндеу мақсатымен уақытша әкелінген қосалқы бөлшектер осы Келісуші Жақ елінің ішкі заңдары қаншалықты мүмкіндік беруіне қарай кедендік баждардан, салықтар мен алымдардан босатылады.

Ауыстыруға пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер кері қайтарылады.

1 1 - б а п .

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау және пайда болған мәселелерді шешу үшін Келісуші Жақтардың құзырлы органдары тұрақты әрекет жасайтын Аралас Комиссия құрады .

2. Аралас Комиссияның мәжілісі қажет болуына қарай екі елдің аумағында кезекпен жүргізілетін болады .

3. Аралас Комиссия осы Келісімге Атқару Хаттама құрастыратын болады.

1 2 - б а п .

1. Бір Келісуші Жақ елінің тасымалдаушысы екінші Келісуші Жақ елінің аумағында осы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайда осы Келісуші Жақтың құзырлы органдары бұл жөнінде аумағында автокөлік құралы тіркелген Келісуші Жақтың құзырлы органдарына хабарлайды .

2. Аумағында бұзу орын алған Келісуші Жақтың құзырлы органдары екінші Келісуші Жақтың құзырлы органдарынан мыналарды сұрауы мүмкін:

- а) бұзу жасаған тасымалдаушыға ескертпе жасалуын;
- б) бұзу болған Келісуші Жақ елінің аумағында тасымалдаушының

тасымал орындау құқығын уақытша, жартылай немесе толық тоқтатуды.

3. 2 тармақ негізінде қабылданған шаралар туралы Келісуші Жақтардың құзырлы органдары бір-біріне хабарлайды.

13-бап.

Бір Келісуші Жақ елінің тасымалдаушылары, сондай-ақ автокөлік құралының экипаж мүшелері екінші Келісуші Жақ елінің аумағында болған кезінде тасымалға және жол қозғалысына қатысты осы аумақта пәрменді заң нормалары мен ережелерді сақтауға міндетті.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14-бап.

Осы Келісімге дипломатиялық арналар бойынша нота алмасу жолымен толықтырулар және өзгерістер енгізілуі мүмкін.

15-бап.

1. Осы Келісім дипломатиялық арналар бойынша осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішінің процедураларын Жақтардың орындағаны жөнінде соңғы мәлімдеме алынған күннен соң 30-шы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім анықталмаған мерзімге бекітілді және Келісуші Жақтардың бірі екінші Келісуші Жаққа өзінің осы Келісім күшін тоқтатқаны жөніндегі ниетін жазбаша жіберген күннен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде қалады.

1997 жылғы 23 мамырда Алматы қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, поляк және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей болып жасалды.

Осы Келісімді түсіндіруде алауыздық туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін үстем болады.

Қазақстан Республикасының Польша Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін